

Ақбота

Білім беру ұйымы – «Ақбота» бөбекжай балабақшасы
Топ «Ертегі»
Балалар жасы - 1 жас

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2024 жыл 1 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.09.2024ж	Сейсенбі 03.09.2024ж	Сәрсенбі 04.09.2024ж	Бейсенбі 05.09.2024ж	Жұма 06.09.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағды	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру. Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағды	«Ерке сылқым»күйінің сүйемелдеуімен қарсы алу Ұлттық құндылық,күй күмбірі	Қазақ күйімен көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Ұлттық құндылық	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу

Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Не өзгерді?» Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады. Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет	«Қызықты ойыншықтар» Міндеті: достыққа баулу,сөйлеу тілін дамыту Коммуникативтік дағды	«Сиқырлы сандық» Міндеті : Сөйлеу тілін дамыту сандықтан алған ойыншықтың атын, қасиетін айту керек Коммуникативтік дағды	«Танып атын ата» суретті кітапшалармен жұмыс Міндеті: тануға және көрсетуге дағдыландыру Қоршаған ортамен таныстыру	Зерттеу жұмысы Құмның суға еруін көрсету,бақылату Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Балабақша - жайлы мекен» Балабақшада экскурсия өткізу	қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру,за	Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық	Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, тбасы	жеке жиһаз заттарын түрлі нұсқада құрастыру, бірден екі-үш құрылысты

	еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы «Біртұтас тәрбие»	ттардың атын,түсін атау Сенсорика	білдіруге үйрету Көркем әдебиет	мүшелерінің аттарын атау.Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. Қоршаған ортамен танысу	тұрғызу (үстел және орындық, үстел және диван), құрылыстық қасиетін ескере отырып, материалды тандау. Құрастыру
Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру ЖДЖ: Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды	Музыка Музыка тыңдау «Құлыншақ» муз. Қ Шілдебаев. Сөзі. И Сапарбай. 3. Ән айту «Мерекелік ән мен би» Әннің мәтінін үйрету. 4. Музыкалық-ырғақты қимыл: Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған	Дене шынықтыру шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру ЖДЖ: Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру,		Дене шынықтыру Жүру және тепе-тендік сақтау жаттығулары. Еденде жатқан жолдың бойымен тура бағытта топпен жүру. Нысанаға дейін тура жолдың бойымен (ені 25-30 см, ұзындығы 2–3 м) жүру, ересектің көмегімен гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 см) жүру, ересектің көмегімен модульге (биіктігі 10–15 см)

	шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: 1. Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан лақтыру. Ойын: «Сылдырмақпен әуенді жалғастыр» ойынын ойнау. Қорытынды: «Кім жоқ?» аз қимылды ойын	соң жалаушалармен жаттығу жасату. Жалаушалармен жаттығу. 1. Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2. Қолды жоғары көтеріп денені оңға, солға иілту. 3. Жалаушаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу. 4. Жалаушаны ұстап жүру	оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: 1. Жиектері шектелген тура жолақпен (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жүру. 2. Ойын: «Доптарды себетке жинау» ойынын ойнау. Қорытынды: «Құстар қанат қағады» тыныс алу жаттығуы.		шығуға және одан түсуге үйрету, еденде жатқан лентадан (арқаннан) аттап өту
--	--	---	--	--	--

	«Балалар, біз таңертең балабақшаға келеміз», – дей отырып, балабақшаны суреттен таныстыру. Қоршаған ортамен танысу – Балабақшамыз үлкен, әдемі, ауласы кең. Балалар, біз қазір топ бөлмесінде тұрмыз, (бөлме заттарының көлемі, пішіні түсімен таныстыру) Сенсорика Мынау – орындық, мынау – терезе, үстел, мынау – ойыншықтар тұратын жиһаз, онда ойыншықты жинайсыңдар, топта тағы да бөлмелер бар. Мынау – шешінетін бөлме, онда шешінесіңдер, мұнда шешінетін шкафтар тұрады. Ас бөлмесінде ыдыстар	– Сенің қандай ойыншығың бар? Әр баланың жауабы тыңдалады. – Ойыншықтарыңды жақсы көресің бе? Балалардың жауаптары тыңдалады. – Ойыншығың қандай? (Үлкен, кішкентай). Сенсорика – Сен ойыншықтармен ойнап болған соң, орнына жинайсың ба? – Ойыншықтардың тұратын жерін білесің бе? Ойыншықтарды лақтырмай, сындырмай, ұқыпты ойнау керектігін айтады. Сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен таныстыру «Сиқырлы сандық». – Кәне, сандықта не бар	Күздің бізге берер қандай сыйы бар? – Қандай жемістерді білесіңдер? (Алма, шие, өрік) – Ал енді, балалар, мен сендерге жемістер туралы өлеңдер оқып берейін.. Нарттай қызыл алмам бар, Мәз болады алғандар. Жазда әдемі киінем, Тілді балдай үйірем. Алма қандай? түсі? Пішіні? Сенсорика, Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет	"Алма жинау" (муляждар). Мақсаты: Алмаларды кілемнің үстіне шашып жіберіп, түстеріне қарай бөлек себеттерге жинату. Түсін атау. Сенсорика Алма, алма, көп алма, Қызыл, сары, көк алма. Теріп, теріп алайық, Себеттерге салайық. Көркем әдебиет  Педагог үлестірмелі материалға назар аударады. Балаларға банканы көрсетіп, жемістерден сусын жасауды ұсынады. Магниттік тақтада суреті салынған банкаға дайын пішіндерді (алма, алмұрт) салып көрсетеді. – Алма қандай түсті? – Алмұрт қандай түсті? – Алма мен алмұрттан сусын қайнаттық, банканы қақпақпен жауып	«Менің қолымдағы қапты көріп тұрсыңдар. Ол жай қап емес, ғажайып қапшық. Қолдарыңды салып, ілінген затты алып шығыңдар». Балалар қолдарын қапқа салып, қолына түскен затты (үлгіні) алып шығады және атауын атап береді. Қоршаған ортамен таныстыру, Сөйлеуді дамыту Ойындық жағдаят. Балаларға қонаққа құлыншақ келеді. Ол балаларға өзімен бірге түрлі түсті жолақшаларды сыйлыққа ала келіпті. Жол сал» дидактикалық ойыны. Педагог балаларға құлыншаққа арнап түрлі түсті жолақшалардан (қызыл және көк) жол салуларын ұсынады. Балалармен жеке жұмыс
--	--	---	---	---	--

	тұрады. Ол ыдыстармен тамақ ішесіндер. Мынау – ұйықтайтын бөлме, онда сендер жататын кереуеттер тұрады, онда ұйықтайсыңдар. Тобымыз үлкен, әрі жарық. Балалар топқа қызыға қарайды. Балалардың көңілін орамалға аударады. «Орамал кімнің бетін жасырып тұр?», – деп, бір баланың бетіне бір сәтке жабады. Орамалды қайта ашып: «Бұл кім болды екен?» деген сұрақ қояды. Осылай әр баламен ойнайды. Әрқайсысына өз есімдерін айтқызады, Сөйлеуді дамыту	екен? – Қонжық, мәшине, доп бар екен. – Енді осы ойыншықтарға әңгіме құрайық. Әңгіме құрауға көмектеседі. Қонжық, мәшине, доп туралы түсіндіреді. – Менің ойыншық қонжығым бар. Қонжықтың екі құлағы, төрт аяғы бар. Қонжығым өте сүйкімді Көркем әдебиет		тастаймыз. Жапсыру, құрастыру	жүргізеді. Сенсорика, Көркем әдебиет
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Бақылау:	Бақылау: Бұлтты	Бақылау: Жылы жаққа	Бақылау: Желді бақылау.	Балалармен жеке

	Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы; Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл - көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте	бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін: шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату. Еңбек: Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру.	қайтқан тырналарды бақылау. Мақсаты: Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. Еңбек: Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға, аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Сап - сары боп келе жатқан, Сезді мекен күзді олар. Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар. Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып, тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. Қимылдық ойын: «Аттамақ» Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Сазбалшықтан	Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа - райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Әдемі гүлдер» Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. Жеке жұмыс: Тақпақ. «Жел» Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у - у - у. Құйын келіп билейді зу - зу - зу Қатты - қатты жел соқты гу - гу - гу, Жапырақтар қол соқты ду - ду - ду. Қимылдық ойын: «Орамал тастау»	жұмыс: «Күзгі жапырақтар» туралы оқу (Қ. Шарғытбаев) Алтын, сары, қызыл, көк Алуан- алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Еңбек: Учаскедегі күзгі жапырақтарды бір жерге жинау. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Қимылды ойындар: «Жапырақ жинау» Бақылау: Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылау. Мақсаты: Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, олардың түстерін айтқызу
--	---	---	--	---	---

	сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Қимылдық ойын: «Сұр қоян» Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік.	Қимылдық ойын: «Соқыр теке» Дербес ойындар: 1. Әткеншек тебу. 2. Тартылғышқа тартылу.	«қала» құрастырайық. 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қ				

Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	 «Біздің балалар қайда екен?» дидактикалық ойыны. Үлестірмелі материалда берілген сурет бойынша балалардың қайда тығылып отырғанын тапқызу. – Асқар үстелдің астында тығылып жатыр. – Марат үлкен ойыншық қонжықтың артында отыр.Көркем әдебиет Балабақшаға жол Конструктордан құрастыру.Құрасты	Көк, қызыл, сары, жасыл текшелерді бірінің үстіне бірін қойып, мұнара құрастырады. Балалар мұнараның жоғарғы бөлігіне әтешті немесе таңдап алған ұсақ ойыншықтарын орналастырып ойнау,Құрастыру Шығармашылық еркін іс әрекеттер.Сурет салу,жапсыру,мүсіндеу,.	 Алманың бейнесін құрастыру,пазл.Құрастыру. Қарындашпен алманы түсіне қарай бояу.Сурет салу  ермексаздан жасап,қағазға орналастыру.Мүсіндеу,жапсыру	Балаларды «Батады – Батпайды» тақырыбында тәжірибе жасап көруге шақырады. Балалар құрғақ жапырақтарды суға салады. Нақтылайды: олардың көлемдері әртүрлі. Құрғақ, жеңіл, үлкен, кіші т.б. Экологиялық мәдениет,Қоршаған ортамен таныстыру	жұмыстың орындалу бірізділігімен ойыншықтарға дәл сондай отырғыш құрастыруларын сұрайды. Текшелерді, тақтайшаларды және кірпіштерді көрсетіп, оларды атайды. Кейін өз қызметін түсінік берумен жалғастырады: – Алдымен екі текшені қояйық, ал олардың үстіне тақтайшаны қояйық. Міне, ұзын отырғыш дайын болды. Отырғышта отыру ыңғайлы болуы

	ру Ермексаздан доп жасау.Мүсіндеу. – Үш саусағымызбен қарындашты ұстап солдан оңға және жоғарыдан төмен қарай сызықтар саламыз. Сурет салу кезінде қарындашты қатты басуға болмайды. Солдан оңға қарай және жоғарыдан төмен қарай бірнеше түзу сызықтар салады. – Қандай әдемі түстер! Қандай қарындаштың іздері екенін кім айтады? Сурет салу Балаларға пирамиданы түрлі түсті пішіндердің ұзын-қысқасына қарай магнитті тақтайға қалай орналастыруды көрсету.Жапсыру				үшін, арқасы бар отырғыш құрастыруға болады. Текшелерді қояйық, үстіне тақтайшаны қояйық, ал кірпіштерден арқасын жасаймыз. Бекіту үшін балаларға сұрақ қояды: – Отырғышты неден құрастырамыз? – Қандай отырғыш?Құрастыру орындықты ермексаздан қағазға орналастыру,Жапсыру, мүсіндеу
--	---	--	--	--	--

Балалармен жеке жұмыс	жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру.	топтағы заттардың қолдануды үйрету. Заттармен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру.	фланелеграфқа мысық пен күшікті топтастырып жапсыруды үйрету.	ға ауа райының ерекшеліктерін ажырата білуді үйрету. Жаңбыр, жел, күз сөздерін жаттату.	ға байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Шарды ұста» Балалардың дербес әрекеті. Жеке балалармен тақпақты жаттау. Бала, бала, баламыз. Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз. (көркем әдебиет) Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу,	Серуенге ойыншық жануарларды алып шығу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атау дағдысын дамыту, үйрету (Қоршаған ортамен таныстыру) Ағаштарды	Жапырақтар теру, құмыраға салу дағдысын дамыту Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындары Қимылды ойын «Шарды ұста»	Қуыршақпен көңілді ән айтып, би билету. Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айтуды қалыптастыру. (музыка) Ауа райының ерекшеліктерін байқау. Жаңбыр, жел, күз сөздерін сөздік қорына қосу. (Сөйлеуді дамыту) Балалардың дербес әрекеті.	Серуенде бірге жүріп табиғатты бақылауды үйрету. (Қоршаған ортамен таныстыру) Құрылыс материалдарынан өзіміз отыратын орындықтар құрастырып алайық деп құрастыру әдістерін үйрету (Құрастыру) Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: «Өз орындығыңды тап»

	ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсу, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқаруды үйрету	бақылау, жел тұрғанда жапырақтарының қимылына назар аударту. Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап»		Қимылды ойын: Поезд	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Психолог кеңесі. (Жеке балаларға)	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы.	Жобаны таныстыру: «Аналар мектебі» жобасымен таныстыру

Білім беру ұйымы – «Ақбота» бөбекжай балабақшасы
Топ «Ертегі»
Балалар жасы - 1 жас

Білім беру ұйымы – «Ақбота» бөбекжай балабақшасы
Топ «Ертегі»
Балалар жасы - 1 жас

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2024 жыл 2 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.09.2024ж	Сейсенбі 10.09.2024ж	Сәрсенбі 11.09.2024ж	Бейсенбі 12.09.2024ж	Жұма 13.09.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу, үйде немен айналысқанын, көңіл күйін сұрау. Сөйлеуді дамыту коммуникативтік дағды	Достарым әнімен қарсы алу. Достарына деген қарым-қатынасты нығайтуға тырысу. Сөйлеуді дамыту коммуникативтік дағды	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. Көтеріңкі көңіл күй сыйлау, баланы жақын тарту. Сөйлеуді дамыту коммуникативтік дағды	Үш түрлі смайликпен қарсы алу. Жағымды атомсфера орнату. Сөйлеуді дамыту коммуникативтік дағды	Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу. Жағымды атомсфера орнату. Сөйлеуді дамыту коммуникативтік дағды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу

Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	 Екі баланы салыстыру Тазалық бұйымдарымен таныстыру сүлгі,сабын сөздерін қатыстырып, 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрауға үйрету.Коммуникативтік дағды	«Қуыршақты жуындрайық» Заттарды шығарып көрсетіп, аттарын балалардан сұрап, қайталату. (сабын, сүлгі, тарак) Коммуникативтік дағды,іс-тәжірбие	«Сиқырлы қапшық» Шарты: Балалар қапшықтар ішіндегі үлкен- кіші моншақтарды саусақпен ұстап сезу арқылы ажыратады.Сенсорика	«Біздің үй» Шарты:Геометриялық пішіндер арқылы үй құрастыру Құрастыру	Досыма доп сыйлаймын Мақсаты: Балалар доп туралы түсіне бере отырып,дайын дөңгелек пішінді дұрыс бояуды үйренеді. Сурет салу,шығармашылық дағды
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Балалар кітапханасы» жобасы «Бір кітап», «Кітап – менің қазынам», «Жас тыңдарман» жобалары аясындағы балалар кітапханасы Бір тұтас тәрбие	Жеке балалармен тақпақты жаттау. Бала, бала, баламыз. Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамыз да	Мысықтың және күшіктің дауысын салу арқылы сөйлеу дағдысын жетілдіру. Сөйлеуді дамыту	Доппен ойындар. Жеке балалармен тақпақты жаттауды жетілдіру Бала, бала, баламыз. Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз. көркем әдебиет	Қимылды ойын: «Құстың қауырсыны кімге барады» Дене шынықтыру

		қаламыз. көркем әдебиет			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Саппен жүру. Балаларды сапқа тұрғызу, бір тізбекте саппен жүру, жүгіруге жаттықтыру. Өртүрлі қалыпта допты лақтыру ептілігін дамыту. Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеуді қайталап бекіту. Шағын топпен бір-біріне кедергі жасамай жүруге; саптан шықпай, бағытты сақтай жүру; аяқты тізеден сәл бүгіп, секіріп, аяқты алшақ, бірге ұстау дағдыларын бекіту. Музыканың басталуын сезініп,	Музыка Лақ» әні -Қанекей балалар әжемізге лақ туралы ән айтып берейік. Дидактикалық ойын: «Анасын тап» -Балалар берілген суреттегі жануарлардың төлін табу керек қане кім жақсы табады екен	Дене шынықтыру Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Еденде жатқан жолдың бойымен тура бағытта топпен жүру. Нысанаға дейін тура жолдың бойымен (ені 25-30 см, ұзындығы 2–3 м) жүру, ересектің көмегімен гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 см) жүру, ересектің көмегімен модульге (биіктігі 10–15 см) шығуға және одан түсуге үйрету, еденде жатқан лентадан (арқаннан) аттап өту.		Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бүгу (жазу), қатарында тұрған – отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын оңға-солға бұру, шалқасынан жатқан қалыпта қолдары мен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру, арқасынан бүйіріне, ішіне және

	музыкаға сәйкес жүруге баулу. ЖДЖ: Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму.				кері қарай аударылу, алға, жан-жағына қарай еңкею.
 Куыршақ Сәуле бүгін бізге сыйлық алып келіпті. «Шалқан» ертегісін. Ертегіні саусақ театры арқылы көрсете отырып, мазмұнын ашу. Үстел үсті театры арқылы «Шалқан» ертегісін тыңдап, айтып	 Ата мен әжелерінің суреттін қарау. Олар туралы не білетіндерін айтқызу мен сөйлеуін дамыту «Бес саусақ» Бас бармағым – атам, үйдің данасы	 Отбасы суретін көрсету. -Суреттегі отбасы мүшелерін ата? -суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы әңгімелеп беруін ұйымдастырып сөйлеу дағдысын,сөз қорын кеңейтіп	Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау дағдысын қалыптастыру сөйлеуді дамыту Балалардың қалауы бойынша әженің кәмпиттері тақырыбында домалақтар сурет салу, ермексаздан дөңгелек мүсін жасау, жапсыру жұмыстарын орындау дағдысын жетілдіру	Отбасы бейнеленген кітаптар қарау. Тек адамдардың емес, жануарлардың отбасы мүшелерін қарау негізінде дұрыс сөйлеуін дамыту сөйлеуді дамыту Мысық пен күшік ойнайтын допты ермексаздан мүсіндеуді пысықтау. мүсіндеу	

	берумен эмоциалды қабылдауды үйрету. көркем әдебиет ертегі кейіпкерлерін тану, көрсетіп атату. Не істеді сұрағына жауап беруді үйрету. сөйлеуді дамыту  Шалқанның түсін, пішінін көрсету, үйрету. Сенсорика	Балан үйрек - әжем, ошақ анасы Ортан терек - әкем, отау панасы Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары Титтей бөбек – мен, бәрінің базары сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет	дамыту. сөйлеуді дамыту «Отбасы» рөлдік ойындарын ойнаумен. Қуыршаққа күтім жасау, әлдилеу, ән айту дағдысын қалыптастыру көркем әдебиет, музыка	сурет салу, мүсіндеу, жапсыру Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту. құрастыру	Жануарлар отбасына үйшік құрастыруды пысықтау. құрастыру
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Еңбек: Балабақша ауласындағы ілулі тұрған жемсалғышқа құстарға жем салу, оларды қоректендіру.	Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Еңбек: Бөлме гүлдерін суару. Балалармен жеке жұмыс: «Көкөністер туралы ертегі» Қимылды	Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Еңбек: Шашылған жапырақтарды ұшып келген қағаз қалдықтарын жинау. Балалармен жеке жұмыс: Ертегі оқып беру «Ағаштар ұйықтай ма?»	Бақылау: Жерге түскен жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту. Олардың түстерін атау. Еңбек: Құм салғыштың ішіне түскен жапырақтардан тазалау.	Бақылау: «Солып қалған гүлдерді бақылау» Мақсаты: Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар

	Балалармен жеке жұмыс: «Бозторғай» тақпағын жаттау (С.Сейфуллин) Міне торғай, Үйін қорғай Жер бауырлап зырлайды Шырқап биік, Күнге күйіп Қалмай, сайрап жырлайды. Қимылды ойындар: «Қаздар, қаздар» Бақылау: Балабақша ауласындағы құстарды бақылау. Мақсаты: Құстар туралы әңгімелеу, олардың аттарын аттату және қимыл – қозғалыстарын салып жүру, дауыстарын тыңдау.	ойындар: «Көкөністер мен жемістерді жинау» Бақылау: Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Күзде жәндіктердің, көбелектердің жерге терең кіріп ұйықтайтынын айтып, олардың қалай азықтарын таситындарын бақылату.	Қимылды ойындар: Тақия тастамақ. Бақылау: Ағаштардың желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету.	Балалармен жеке жұмыс: Балаларға жұмбақ жасыру. Жазда тұрып жоғары, Күзде жерге қонады. (Жапырақ) Аспай піскен, Қайнамай піскен.(Жеміс) Қимылды ойындар: «Ақ серек, көк серек» Бақылау: «Солып қалған гүлдерді бақылау» Мақсаты: Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту.	аударту. Жазғы гүлдер мен күзгі гүлдердің ерекшеліктері, айырмашылықтары туралы әңгімелеу. Еңбек: Қурап қалған гүлдердің тұқымдарын жинау. Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ жаттау. Арасында гүлдің, Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, жасыл, сары, Әп – әдемі бәрі. Қимылды ойындар: «Абай бол», «Қайда шылдырлайды?» Мақсаты: Балаларды ептілікке үйрету. Есту қабілеттерін дамыту. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды				

	дұрыс сұрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	<i>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)</i> Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қ о				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сұрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	 Шалқанды ермексайдан жасау, қағазға орналастыру, көлеңкесін тауып құрау. Суретін бояу. Сурет салу, жапсыру, мүсін	 адам бейнесін ермексайдан жасау, қағазға орналастыру. Мүсіндеу, жапсыру	 Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап моншақтың суретін салу. түрлі түсті ермексайдан моншақ	Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер. Отбасы мүшелерін қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету жапсыру ермексайдан	Тақпақтарын қайталау. Би үйрену. көркем әдебиет, музыка  Көлемі,

	ндеу,құрастыру 	 суретті бояу. Сурет салу	(дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ тізу. сурет салу, мүсіндеу, жапсыру	дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру, доп жасау мүсіндеу доп салуды пысықтау сурет салу	пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі ойыншықтарды топтастыру сенсорика Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер
Балалармен жеке жұмыс	қуыршаққа күтім жасау, әлдилеу, ән айту дағдысын қалыптастыру.	құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту.	мысық пен күшік ойнайтын допты ермексаздан мүсіндеуді пысықтау.	ға көңілді музыка қойып балалардың қарапайым би қимылдарын жасауды үйрету.	ге «Бес саусақ» өлеңін қайталап айтуға талпындыру.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қ/о « <i>Шеңберге тез тұр</i> » Еркін ойындар Жеке әңгімелесулерде баланың сөйлеу дағдысын жетілдіру	Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау. «Күн тун» ойынын ойнату арқылы уақыт бағдарлау дағдысын қалыптастыру. Қ/О «Поезд»	Қол қимылын дамытуға арналған ойыншықтармен ойындар (сенсорика) Қ/о « <i>Шеңберге тез тұр</i> »	Қ/о «Күн мен жаңбыр» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу	Қ/О Құстардың ұшып келуі» Еркін ойындар.

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекеттерде балалардың ерекшеліктерін айту	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.

Инспекторы
Жеңіл

Білім беру ұйымы – «Ақбота» бөбекжай балабақшасы
Топ «Ертегі»
Балалар жасы - 1 жас

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2024 жыл 3 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16.09.2024ж	Сейсенбі 17.09.2024ж	Сәрсенбі 18.09.2024ж	Бейсенбі 19.09.2024ж	Жұма 20.09.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдыратып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді.Достық қарым-қатынас орнату. Коммуникативтік дағды	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) Коммуникативтік дағды	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу Жағымды атмосфера орнату Коммуникативтік дағды	Көңілді күн әнімен қарсы алу Жағымды атмосфера орнату. Коммуникативтік,шығармашылық дағды	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу.Баланың көңіл күйін сұрау Коммуникативтік дағды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме Әжелер ,аналар әкелер мектебінің жоспарымен таныстыру	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу

Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	М. Монтессори технологиясымен жұмыс. Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жасай алады. Сенсорика,құрастыру	Мнемотехника әдісі Тақырыбы: Киімдер Мақсаты: мнемостемен жұмыс жасай отырып, балалар киімдер туралы өз ойларын толық жеткізе алады. Коммуникативтік дағды	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Бестемше: «Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында) «Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында) Бір тұтас тәрбие	Ойын – жаттығу «Қуыршықты жуындыр» Мақсаты:балалар тазалық туралы түсінеді. Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. Коммуникативтік дағды	Кел, тыңдайық ертегі. «Балапандар» ертегісі Мақсаты: Ертегі желісіндегі кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз образын ажырата біледі. Коммуникативтік дағды
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Шеңберге тез тұр» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулерде баланың сөйлеу дағдысын жетілдіру Дене шыңнықтыру	Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау. «Күн тун» ойынын ойнату арқылы уақыт бағдарлау дағдысын қалыптастыру. Қоршаған ортамен танысу	Қол қимылын дамытуға арналған ойыншықтармен ойындар сенсорика	Түстер таңдау. Балалардың өз беттерінше жұмыс жасауы. сенсорика	Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруге үйрету. Көркем әдебиет

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: 1. Еденде 10-20 см қашықта (2 арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру. Ойын: «Кім жақсы еңбектейді» ойынын ойнау.	Музыка Ән айту. «Тұлпарым» Әннің мәтінін үйрету. Музыкалық-ырғақты қимыл: Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу жасату.	Дене шынықтыру Шеңбермен жүру. Балаларды шеңбер құру және шеңбер бойы жүру және жүгіруге жаттықтыру. Гимнастикалық орындықтың үстімен жүру дағдыларын қалыптастыру. Жаттығулар орындау кезінде дұрыс тыныс ала білуге дағдыландыру.		Дене шынықтыру Шеңбермен жүру. Педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, музыкаға сәйкес қимыл жасауға дағдыландыру. Доптарды
	 қуыршақ театрын тамашалау. «Бауырсақ ертегісі» желісі бойынша айтылған әнді қайталап айтуын үйрету сөйлеуді дамыту Кітаптардан бауырсақ ертегісінің кітабын көрсетру.	Қонаққа бауырсақ келеді. Бауырсақпен музыкаға би белеу. Оның сұрақтарына жауап беру аясында байланыстырып сөйлеуді үйрету Қимылды ойын ойнау. сөйлеуді дамыту, көркем	«Шалқан» мультфильмін тамашалау. Балалардың ойын тындау. сөйлеуді дамыту Үйшік салуды үйрету сурет салу Құрастыру материалдарынан үйшік жасауға	Дидкатикалық ойын «қай ертегіден» Суреттерді көрсету арқылы қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеу дағдысын дамыту көркем әдебиет Суреттегі ертегі кейіпкерлерінің ойыншықтарын табу, ойнау, дауыстарын келтіруді жетілдіру	Ойыншықтар жәрмеңкесі. Әр түрлі ойыншықтарды алып ертегі желісі бойынша жасайтын іс әрекеттерді жасауын дамыту. Жануарлардың қимылы мен дауыстарын салуды пысықтау. көркем әдебиет

	Суреттерге қарап ертегіні желісін бұзбай айту дағдысын қалыптастыру. Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атау. көркем әдебиет	әдебиет, музыка	көмектесу дербес қымыл жасауын дамыту құрастыру Саусақ бұлшықеттерін дамытуға арналған ойыншықтармен еркін ойындар (сенсорика)	сенсорика Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстарды орындауға талпындыру. сурет салу, мүсіндеу жапсыру	біртекті ойыншықтардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету дағдысын қалыптастыру сенсорика
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қымыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қымылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Бақылау: Күзгі ауа – райындағы өзгерістерді бақылау. Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа – райын жазғы ауа – райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу. Еңбек: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен	Балалармен жеке жұмыс: «Күзгі жапырақтар» туралы оқу (Қ. Шарғытбаев) Алтын, сары, қызыл, көк Алуан- алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Еңбек: Учаскедегі күзгі жапырақтарды	Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Еңбек: Балабақша ауласындағы ілулі тұрған жемсалғышқа құстарға жем салу, оларды көректендіру. Балалармен жеке жұмыс: «Бозторғай» тақпағын жаттау (С.Сейфуллин) Міне торғай, Үйін қорғай Жер бауырлап зырлайды Шырқап биік,	Бақылау: «Күзгі саябаққа серуен» Мақсаты: Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл бөлдіріп бақылау, әңгімелеу. Көңіл бөлдіріп бақылау, әңгімелеу. Еңбек: Саябақтағы әр түрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Әр	Бақылау: «Қайтқан құстарды бақылау» Мақсаты: Балалармен қайтқан құстарды бақылау. Олардың атын ататқызып, дауыстарын тыңдату. Олардың топ болып ұшуына назар аударту. Еңбек: Құстарға жем салатын тақтай жасау. Балалармен жеке жұмыс: Құстар туралы жұмбақтар жасыру

	жинату. Балалармен жеке жұмыс: «Жел» туралы тақпақ айтқызу. Жел тынымсыз гуілдеп Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек Жапырағын жұлғызып Қимылды ойындар: «Ұшты – ұшты» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.	бір жерге жинау. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Қимылды ойындар: «Жапырақ жинау» Бақылау: Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылау. Мақсаты: Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, олардың түстерін айтқызу.	Күнге күйіп Қалмай, сайрап жырлайды. Қимылды ойындар: «Қаздар, қаздар» Бақылау: Балабақша ауласындағы құстарды бақылау. Мақсаты: Құстар туралы әңгімелеу, олардың аттарын аттату және қимыл – қозғалыстарын салып жүру, дауыстарын тындау.	ағаштың жапырағын ажыратып үйрету. Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ жаттату. «Күзгі жапырақтар» туралы оқу (Қ. Шарғытбаев) Алтын, сары, қызыл, көк Алуан- алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық», «Аққу – қаздар» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.	1. Құйқылжытып дала күйін, Үй ішіне салады үйін (Қарлығаш) 2. Күндіз соқыр не деген? Түнде қандай көреген (Үкі) 3. Еркін самғап ұшсын,- деп Мәпелейміз, баптаймыз Бейбітшілік құсы, - деп Қайсы құсты мақтаймыз? (Көгершін) 4. Қыстағы ақ мамыққа, Жалғау жалға, жалықпа Сонда құс боп шығады Кәне, қай құс анықта (Қарға) Қимылды ойындар: «Қайтқан құстар», «Құстар мен мысық» Мақсаты: Ойын барысын бұзбай ойнауға
--	--	---	---	---	--

					дағдыландыру. Құс қимылдары арқылы дене бітімдерін дамыту. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа, ептілікке үйрету. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	<i>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)</i> Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қ о				

Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	бауырсақты ермексасдан жасап қағазға орналастыру мүсіндеу, жапсыру суретін бояу. Сурет салу 	Үстел үсті театр ойыншықтарын және ертегі кейіпкерлерін атауды жетілдіру. сөйлеуді дамыту Құрастыру ойынышықтарын ан бауырсаққа үй құрастыру Құрастыру Фланелеграфта ертегі кейіпкерлерін ретімен жапсыруды меңгерту Жапсыру	Балалардың қалауы бойынша еркін әрекеттер таңдауын ұйымдастыру. Ертегі желісі бойынша шалқан суретін салу дағдыларын Сурет салу ермексасдан мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. Мүсіндеу	Шалқан немесе Бауырсақ ертегілерін құыршақ театырын пайдаланып көрсетіп айтып беруіне қызығушылығын дамыту. Кейіпкерлерге эмоцияларын танытуды үйрету дағдыларын қалыптастыру сөйлеуді дамыту	Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін салып, мүсінін жасау дағдыларын дамыту. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру амалдарын қалыптастыру. сурет салу, мүсіндеу, жапсыру
Балалармен жеке жұмыс	жапырақтарды бояуға ынталандыру.	алаған жеміс немесе көкөніс суретін салу дағдысын	«Шалқан және бауырсақ» ертегісін саусақ театры арқылы айтып беру, тыңдау	ке құстарды тауып жапсыруды үйрету.	ды көңілді музыка тыңдау, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып, қосылып ән

		жетілдіру. көкөністер мен жемістерді бөліп фланелеграфта орналастыруды үйрету.	дағдысын дамыту . бауырсақ туралы сурет салып, мүсіндер жасай дағдыларын менгеруді үйрету.		айтуға үйрету .
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш» Табиғи материалдардың ішінен бауырсақтың жолын құрастыруын жалғастыру. (құрастыру) Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Бауырсақ ертегісіндегі әндерді қайталау. Қ/о «Шарды ұста» Балалардың дербес әрекеттері	Қ/О «Ақ доп, қызыл доп». Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар	Ертегідегі жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету (қоршаған ортамен таныстыру) Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері	Қ/О «жүгіріп қағып ал» Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				

Балалардың үйге қайтуы	Бауырсақ ертегісі баласымен бірге айтуға кеңес беру.	Бауырсақ жасауын сұрану	Шалқан, бауырсақ мультфильмін бірге тамашалауға кеңес беру.	Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру.	Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.

Білім беру ұйымы – «Ақбота» бөбекжай балабақшасы
Топ «Ертегі»
Балалар жасы - 1 жас

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2024 жыл 4 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 23.09.2024ж	Сейсенбі 24.09.2024ж	Сәрсенбі 25.09.2024ж	Бейсенбі 26.09.2024ж	Жұма 27.09.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу. Шығармашылық,коммуникативтік дағды	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. Коммуникативтік дағды	Үш түрлі смайликпен қарсы алу.Жағымды атмосфера орнату Коммуникативтік дағды	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу. Коммуникативтік дағды	Достар әнімен қарсы алу Шығармашылық,коммуникативтік дағды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Қандай ойыншық жоқ» Мақсаты: Балалар берілген тапсырманы зейін қоя отырып, орындайды. Танымд	«Ненің төлі?» «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды ата Әлеуметтік дағды	Үстел-үсті ойыны Мақсаты:конструкторларды бір-біріне үстінен және жанынан біріктіре білуге үйрету Құрастыру	«Жаңғақтар» Шарты: балалар әрқайсысына таратылған жаңғақты алақанның арасына салып, айналдырады. Ойын арқылы балалардың	«Ұяшыққа орналастыр» Мақсаты: екі түрлі пішінді заттың әрқайсысын өз ұяшығына орналастыра алады Сенсорика

	ЫҚ дағды			қолдары жаттығып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды. Танымдық дағды	
Таңертеңгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ((Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Үстел үсті, саусақ және т.б ойындар. Танымдық-коммуникативтік дағдылар	Құрылыс ойындары Шығармашылық дағдылар	Фотосуреттер қарастыру: «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау Коммуникативтік дағдылар	Саусақ ойыны: «Әжемнің ертегілері». Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Туысқандары туралы әңгімелеп беру Көркем әдебиет	Дид ойын: «Үйшік құрастыр» Балалармен отбасы туралы әңгімелесу Коммуникативтік дағдылар
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Топпен жүру. Балаларды барлық топпен жүруге, жүгіруге әрі қарай жалғастыру. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста)	Музыка «Үш гүл-үш түрлі көңіл күй» ойыны Көңілді, сабырлы, мұңды музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін	Дене шынықтыру Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Еденде жатқан жолдың бойымен тура бағытта топпен жүру. Нысанаға дейін тура жолдың бойымен (ені		Дене шынықтыру Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. Ойын: «Қояным, қояным тұршы» ойынын ойнау. «Бокс» тыныс алу

	тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту жаттығуларын үйрету. Дене аяқ, табан бұлшықеттерін дамыту.	дамыту, тапқырлыққа баулу. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. Ойын: Балалар шығарманы тыңдап, көңіл күйін анықтап, сәйкес карточканы көрсетеді. Музыкалық-ырғақты қимыл: Аяқты топылдату.	25-30 см, ұзындығы 2–3 м) жүру, ересектің көмегімен гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 см) жүру, ересектің көмегімен модульге (биіктігі 10–15 см) шығу.		жаттығуы
